

Ұлы Абай - халық жүрегінде

Аудандық тілдерді оқыту орталығы диктантты онлайн режимінде «ZOOM» платформасы арқылы және оффлайн режимінде өткізді

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитетінің ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 8-11 қыркүйегі аралығында «Ұлы Абай - халық жүрегінде» атты тақырыбында жалпыреспубликалық диктантқа Меңдіқара ауданы белсенді атсалысты.

Диктантқа аудан бойынша 190 адам қатысты. Соның ішінде Ғ. Жұмабаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының, Первомай орта мектебінің, «Жас әлем» бөбекжай балабақшасының және Боровсой облыстық санаторлық мектеп-интернатының ұжымдары белсенділік танытты. Ауылдық округтерден Алешин, Буденный, Введен, Краснопреснен,



Михайлов, Соснов ауылдық округтері де қалыс қалмады. Қатысушылар диктант жазуда өз сауаттылықтарын көрсете білді. Аудан бойынша Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы басшысының Алғыс хатымен Ғ. Жұмабаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының

ағылшын тілінің мұғалімі Ғалия Башпанаева, Меңдіқара аудандық мәслихатының аппараты басшысы Болат Мырзапайызов және аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі мекемесінің кітапханашысы Юлия Митрахова марапатталды. Аудан әкімінің орынбасарының Алғыс хаты

үздік деп танылған бірқатар ұстаздар мен мемлекеттік қызметшілерге табыс етілді. Марапаттау сәтін мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жанат Таженова мен тілдерді оқыту орталығының басшысы Алмагүл Бірманова өткізді.

Қымбат НАҒАШЫБАЙ